

"Жоғары ғылыми - педагогикалық білім (магистратура) туралы ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 1 қарашадағы N 1035 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 303 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 11 маусымда тіркелді. Тіркеу N 3676. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 24 маусымдағы N 311 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.06.24 N 311 бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жоғары ғылыми-педагогикалық білім (магистратура) туралы ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 1 қарашадағы N 1035 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1370 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің бюллетені журналында жарияланған 2001 ж. N 13, 349-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғары ғылыми-педагогикалық білім (магистратура) туралы ережесінде:

5-тармақта "кәсіптік жоғары білім берудің бағыттары мен мамандықтарының " деген сөздер "бакалавриат мен магистратура мамандықтарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Магистратура жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрлармен (тапсырыс берілген мамандықтар бойынша ғылым докторы және ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар 5 адамнан кем болмауы керек) қамтамасыз етілген жағдайда, қажетті зертханалық-зерттеу, оқу-әдістемелік, әлеуметтік базалары бар және мемлекеттік аттестаттаудан өткен білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдарда ашылады.";

10-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

12-тармақта "міндетті стандарттарына" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының бакалавриат және магистратура мамандықтарының

жіктеуішіне, оқу-бағдарламалық құжаттамаларға, білім алушылардың жеке оқу жоспарының жұмысына, белгіленген тәртіппен бекітілген басқа да құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады." деген сөздермен ауыстырылсын.

13-тармақта "әлеуметтік-гуманитарлық, іргелі, психологиялық-педагогикалық пәндер және мамандықтар мен мамандандырулар пәндері" деген сөздер "базалық және бейіндік циклдарды қамтитын міндетті және таңдауы бойынша компоненттер пәндері тізбесімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақ "жұмыстарымен" деген сөзден кейін "осы ғылым саласында" деген сөздермен толықтырылсын;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Магистратураның білім беру бағдарламасы:

1) б а з а л ы қ п ә н д е р ;

2) бейіндік циклдарды қамтитын пәндер;

3) п р а к т и к а ;

4) магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда магистранттың ғылыми - зерттеу жұмысы;

5) қорытынды аттестаттаудан тұрады.";

20-тармақ алынып тасталсын;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Тарих пен философия ғылымы және шет тілі бойынша магистранттарды даярлау мазмұны тиісті кандидаттық минимумның бағдарламаларын барынша жақындатылған болуы тиіс. Магистратурада тапсырылатын тарих пен философия ғылымы және шет тілінен емтихандары кандидаттық емтихандарға теңестірілуі мүмкін.";

28-тармақта "академиялық" деген сөз алынып тасталсын.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (М.Р. Нұрғожин) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым бірінші вице-министрі Г. Гамарникке жүктелсін.

Министр